

## Жинақтаушы зейнетақы қорларын инспекциялау туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 8 қаңтардағы N 2-Ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1392. Күші жойылды - ҚР Қаржырын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 110 (V042845) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілгеніне байланысты, Бұйырамын:

1. Қосымшадағы "Жинақтаушы зейнетақы қорларын инспекциялау туралы Нұсқаулық" бекітілсін, және Қазақстан Республикасының әділет Министрлігіндегі мемлекеттік тіркеуден кейін енгізілсін.

2. "Жинақтаушы зейнетақы қорларын инспекциялау туралы Нұсқаулық" мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін, Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі 1998 жылғы N 69-Ө (мемлекеттік тіркеуі N 536 1998 17.07) бұйрығымен бекіткен, "Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігімен инспекциялау (тексеру) жүргізу тәртібі туралы Ереже" күшін жойды деп есептелсін.

3. Заң бөлімі (Қ. Камали) осы бұйрықпен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларын инспекциялау туралы Нұсқаулықты" Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

Министр

Б Е К И Т И Л Д I

Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігінің Жинақтаушы  
зейнетақы қорларының қызметін  
реттеу жөніндегі комитеті  
2001 жылғы 08 қаңтардағы

N 2-Ө бұйрығы

# **Жинақтаушы зейнетақы қорларын инспекциялау туралы**

## **Нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттейтін заңдарына сәйкес әзірленген және жинақтаушы зейнетақы қорларын тексеру барысында туындайтын қарым-қатыстарды тәртіптейді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорларын (бұдан былай - ЖЗҚ) тексеруді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі Комитеті (бұдан былай - Комитет), қажеттігіне қарай басқа мемлекеттік органдарының қызметкерлерін тартып, дербес өзі атқарады.

3. Тексерудің негізгі қағидалары:

1) тәуелсіздік;

2) әділдік;

3) құпиялық.

4. Инспекциялау Қазақстан Республикасының заңдарының, ЖЗҚ зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметінің негізінде тәуелсіз жүргізіліп, салымшылар және алушылар мүддесінің қорғалуын, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңдарының сақталуын қамсыздандыру мақсатында атқарылады. Инспекциялау ЖЗҚ іс-әрекетін жалпы немесе жеке мәселелері бойынша зерттеу және ЖЗҚ қорлары қызметкерлерінің әрекеттенені ҚР заңдарына сәйкес атқарылатынын тексеру арқылы жүргізіледі.

5. Инспекциялау түрлеріне жататыны: құрама тексеру және ағымдағы тексеру (жеке мәселелер бойынша инспекциялау).

Құрама тексеру ЖЗҚ барлық іс-әрекетін қамтитын тексеру болып табылады.

Ағымдағы тексеру, ЖЗҚ іс-әрекетіне қойылатын салымшылар мен алушылардың, мемлекеттік органдардың және ЖЗҚ жинақтаушы зейнетақы қорларының шағымдарын тексеру, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жеке мәселелері бойынша жүргізілетін тексеру болып табылады.

### **2. ЖЗҚ инспекциялаудың негізгі элементтері**

6. ЖЗҚ зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін атқару қызметіне бас лицензия алу кезінде тапсырылған құжаттардың дұрыстығын, толықтығын және анықтығын бақылау.

7. ЖЗҚ жарғылық капиталын толықтыру кезінде тапсырылған құжаттардың дұрыстығын, толықтығын және анықтығын, сонымен қатар, жарғылық капиталдың дер кезінде толықтырылғандығын бақылау.

8. Мемлекеттік органдарына және бұқаралық ақпарат құралдарына берілетін статистикалық есептің дүрыстығын, толықтығын, анықтығын және уақтылылығын бақылау.

9. ЖЗҚ бухгалтерлік есеп беру мен есеп беру саясатының дүрыстығын, толықтығын және анықтығын бақылау.

10. ЖЗҚ дербес зейнетақы шоттардағы зейнетақы жарналарын және инвестициялық табыстарын есепке алу бойынша операцияларды дүрыс, толық, анық және дер кезінде атқарғандығын бақылау.

11. Зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша атқарылатын ЖЗҚ операцияларының дүрыстығын, толықтығын, анықтығын және уақтылылығын бақылау.

12. Зейнетақы активтерінің шартты бағасы дүрыс, толық және анық есептелгенін бақылау.

13. Қате есептелген зейнетақы жарналарының қайтарылуы дүрыс, толық және анық орындалғандығын бақылау.

14. Зейнетақы жинақтарын аудару операцияларының дүрыс, толық, анық және дер кезінде орындалғандығын бақылау.

15. ЖЗҚ, зейнетақы активтерін басқару және банк-кастодианның өзара жүргізген операцияларының дүрыстығын, толықтығын, анықтығын және уақтылы орындалғандығын бақылау.

16. ЖЗҚ автоматтандырылған ақпараттау жүйесінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігін бақылау.

17. Меншікті капиталды ЖЗҚ негізгі құралдары мен мұліксіз активтеріне енгізу нормативтерінің дүрыс, толық және анық сақталуын бақылау.

18. Салымшылар мен алушылардың зейнетақы жинақтары туралы ақпарат берудің дүрыстығын, толықтығын және анықтығын бақылау.

19. ЖЗҚ филиалдарының, өкілеттіктері мен агенттерінің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес атқарылатынын бақылау.

20. ЖЗҚ зейнетақы шарттарын жасасу және салымшыларды тарту бойынша атқарылатын іс-әрекетінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін бақылау.

21. Зейнетақы ережелерінің сақталуы мен орындалуын бақылау.

### **3. ЖЗҚ инспекциялау тәртіби**

22. Инспекциялау Комитеттің тапсырмасы бойынша, бұйрығы негізінде жүргізіледі.

23. Тапсырма төмендегі элементтерден құрайды:

1) инспекциялау түрі;

2) инспекциялау мерзімі;

3) ағымдағы тексеру жүргізу жағдайындағы тексеру мәселелері.

24. Құрама инспекциялау күнтізбелік жылында бір рет атқарылады.
25. Болатын тексеру туралы комиссия ЖЗҚ-на алдына-ала хабарлауға құқылы
26. Құжаттардың сақтығын қамсыздандыру мақсатымен, өзара құжаттарды алып-берісу ЖЗҚ-да тиісті ресімделу арқылы жүргізіледі.
27. Бұрын болған тексерудің нәтижесіне сүйеніп, комиссия алдыңғы жүргізілген тексерудің аяқталған мерзімін тексеру мерзімі деп белгілеу құқысымен инспекциялауды жүргізеді.
28. Жүргізілген инспекциялау қорытындысы есеп беру арқылы ресімделеді.
- 4. Инспекциялау қорытындысы бойынша есеп беру тәртібі**
29. Инспекциялау қорытындысы бойынша есеп беру коммерциялық құпия болып табады.
30. Есеп Комитет құрылымдарына, және басқа мемлекеттік органдарына, Комитеттің бірінші басшысының рұқсаты бойынша, қызмет бабындағы міндеттерді атқаруға қатысты көлемде ғана беріледі. Есептегі ақпаратты жариялау, Қазақстан Республикасының заңдарымен қамтылған жауапкершіліктікөздейді.
31. Инспекциялау аяқталғаннан кейін, қорытындысы ЖЗҚ бірінші басшысымен және бас бухгалтерімен немесе олардың орнын басатындарымен талқыланады.
32. Есепке комиссия қызметкерлері, ЖЗҚ бірінші басшысы және бас бухгалтері, немесе олардың орнын басатындары қол қояды.
33. ЖЗҚ бірінші басшысы және бас бухгалтері, немесе олардың орнын басатындары инспекциялау аяқталғаннан кейін есепке қол қоюға міндетті. Есеппен, немесе есептің бөлігімен келіспеген жағдайда, ЖЗҚ бірінші басшысы және бас бухгалтері, немесе олардың орнын басатындары өзінің ескертпелерін жазбаша түрде есепке тіркеуге құқылы.
34. ЖЗҚ іс-әрекетінің негізгі бағыттарын тексеру қорытындысы бойынша пікір алысу Комитет басшылығының мәжілісінде, ЖЗҚ басшыларының қатысуымен, қажетіне қарай, ЖЗҚ басқа да лауазымды адамдары шақырылып, өтеді. Инспекциялау қорытындысы Комитетте талқыланғаннан кейін, нәтижесіне қарай, есепке түзетулер енгізуге мүмкін.
35. Есепке қол қойылғаннан кейін, ол Комитеттің бірінші басшысымен, немесе оның орнын басатын адаммен бекітіледі.
36. Есеп комиссия тексерген ЖЗҚ қызметін жан-жақты суреттеуге тиіс.
37. Есептің екі данасына қол қойылады. Бекітілгеннен кейін, бір данасы ЖЗҚ беріледі, екіншісі - Комитетте сақталады.
38. Қазақстан Республикасының заңдары бұзылғандығы айқындалғанда, Комитет кемшіліктерді жою мерзімін көрсетіп, ЖЗҚ үйғарым жібереді.

## **5. Комиссия және ЖЗҚ міндеттері мен құқықтары**

### **39. Комиссия құқылы:**

- 1) ЖЗҚ қызметін толық және анық инспекциялау үшін қажетті барлық құжаттарға рұқсат алуға;
- 2) Құжаттардың тапсырылу мерзімін белгілеуге;
- 3) Есепке тіркелетін тиісті құжаттардың көшірмесін жасауға;
- 4) ЖЗҚ қызметіне қатысты кез келген адамнан ақпарат алуға;
- 5) ЖЗҚ инспекциялауға кедергі жасағандығы туралы Комитетке ескертіп, инспекциялауды тоқтатуға.

### **40. Комиссия міндетті:**

- 1) ЖЗҚ тапсырған құжаттардың сақталуын қамсыздандыруға;
- 2) ЖЗҚ-нан алынған ақпараттың құпиялышының қамтамасыз етуге;
- 3) ЖЗҚ, салымшылар мен алушылардың, және ЖЗҚ қызметіне қатысты үшінші жақтың құқықтары мен мұддесіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттен аулақ болуға .

### **41. ЖЗҚ құқылы:**

- 1) Комиссиядан инспекциялауға қажетті құжаттардың тізімін алдын-ала сұрапатуға ;
- 2) Комиссия белгілеген құжаттарды тапсыру мерзімін келісуге;
- 3) Қол қою кезде есеппен танысуға;
- 4) Келіспеген жағдайда өзінің ескертпелерін тіркеуге;
- 5) Комиссия қызметкерлері лауазымдық өкілеттігін бұзған жағдайда, Комитет басшысына және құқық қорғау органдарына хабарлауға.

### **42. ЖЗҚ міндетті:**

- 1) комиссия қызметкерлеріне инспекциялау үшін бөлме беруге;
- 2) комиссия қызметкерлерінің ЖЗҚ ғимаратына еркін кіруге жағдай жасауға ;
- 3) комиссия қызметкерлеріне құжаттарды тапсыруға жауапты адамдарды белгілеуге ;
- 4) инспекциялауға қатысты сұрақтарға түсініктеме беруге;
- 5) Комитетке, белгіленген мерзімде, анықталған кемшіліктерді жою шаралары туралы жазбаша түрде есеп беруге.

43. Осы Нұқсаулықпен реттелмеген мәселелер, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте реттеледі.

*Төраға*